

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "ТМД-ның Тәжік-Ауған учаскесіндегі сыртқы шекарасын қорғауды күшейту туралы" 1993 жылғы 15 сәуірдегі N 2162-ХІІ қаулысын жүзеге асыру жөніндегі қосымша шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1993 жылғы 26 мамырдағы N 432

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министріне, Ішкі істер министріне және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып, ТМД-ның тәжік-ауған учаскесіндегі сыртқы шекарасын қорғауды күшейту жөніндегі міндеттерді атқаратын Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне Ресей Федерациясының Тәжікстан Республикасында орналасқан Шекара әскерлері Тобының әскери қызметшілері үшін белгіленген лауазымдық жалақылар мен әскери атақтар бойынша жалақыларға сәйкес, лауазымдық жалақылар мен әскери атақтар бойынша қосымша төлем жасау құқы берілсін.

2. Тәжікстан Республикасындағы жиынтық батальонның орнын ауыстыруға және ұстауға байланысты қосымша шығын Қазақстан Республикасының жалпы мақсаттағы Қарулы Күштері, Шекара және Ішкі істер әскерлері үшін республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүргізілсін.

3. Қоса беріліп отырған:

N 1 қосымшаға сәйкес ТМД-ның тәжік-ауған учаскесіндегі сыртқы шекарасын қорғауды күшейту жөніндегі мемлекетаралық келісімдер мен шарттарға сәйкес міндеттерді атқаратын Қазақстан Республикасы әскери қызметшілерінің контракт бойынша әскери қызметін өтеуі туралы Ереже;

N 2 қосымшаға сәйкес контракт (шарт) нысаны бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 26 мамырдағы  
N 432 қаулысына  
N 1 қосымша

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының тәжік-ауған учаскесіндегі сыртқы шекарасында күзетті күшейту

жөніндегі мемлекетаралық келісімдер мен шарттарға  
сәйкес Қазақстан Республикасы әскери қызметшілерінің  
контракт бойынша әскери қызмет атқаруы туралы  
Ереже

1. Осы Ереже Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының тәжік-ауған сержанттар учаскесіндегі сыртқы шекарасында күзетті күшейту жөніндегі мемлекетаралық келісімдер мен шарттарға сәйкес міндеттерді орындау үшін жіберілген Қазақстан Республикасы әскери қызметшілерінің контракт бойынша әскери қызмет атқару тәртібін анықтайды\*.

<\*> Бұдан былай бұл әскери қызметшілер контракт бойынша қызмет атқарушы әскери қызметшілер деп аталады.

2. Контракт бойынша қызмет атқарушы әскери қызметшілерге контрактыда көзделген мерзімде Тәжікстан Республикасының аумағында өз еркімен әскери қызмет атқаруға тілек білдірген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Ішкі істер министрлігінің және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің офицерлері, прапорщиктері, старшиналары, сержанттары, солдаттары жатады.

3. Тәжікстан Республикасының аумағында контракт бойынша қызмет атқарушы әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасы әскери қызметшілерінің құқылық жағдайы сақталады. Олар Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдері мен қолданылып жүрген заңдарының талаптарын, әскери ант пен әскери жарғыларын, өздерінің командирлері мен бастықтарының бұйрықтары мен өкімдерін мүлтіксіз орындауға, сондай-ақ Тәжікстан Республикасының заңдарында көзделген мінез-құлық сақтауға тиіс.

4. Контракт бойынша қызмет атқарушы әскери қызметшілер Тәжікстан Республикасының аумағына 3,6 және 12 айға бөлімшелер құрамында жіберіледі. Әскери қызметшілердің рапорты бойынша контракт осы тармақта көзделген мерзімге ұзартылуы мүмкін. Мұндай жағдайда мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер үшін контракт бір жылдан, сондай-ақ "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімдерден аспауға тиіс.

5. Тәжікстан Республикасының аумағында контракт бойынша қызмет атқару мерзімі Тәжікстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өткен күннен бастап есептеледі.

6. ТМД-ның тәжік-ауған учаскесіндегі сыртқы шекарасында күзетті күшейту жөніндегі мемлекетаралық келісімдер мен шарттарға сәйкес міндеттерді орындау үшін Тәжікстан Республикасының аумағына жіберілетін әскери бөлімшелерді жасақтау

ерікті контракт негізінде. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы, Ішкі істер министрлігі және ұлттық қауіпсіздік комитеті анықтайтын лауазымдар мен мамандықтар бойынша жүргізіледі.

7. Осы Ережені 6-тармағындағы көрсетілген бөлімшелерде әскери қызмет атқаруға тілек білдірген және тиісінше контракт жасаған офицерлер, прапорщиктер, старшиналар, сержанттар мен солдаттар, ал мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер бұған қоса кемінде алты ай қызмет өткергендері жіберіледі. Әскери қызметшілер моральдық жағынан тұрақты, тәртіпті, әскери мамандығын жақсы білетін және биік таулы жерлерде қызмет атқаруға денсаулығы жарамды болуы керек.

8. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті атынан контракт жасасу, сондай-ақ оны ұзарту құқығы әскери бөлімдердің командирлеріне және олармен тең және олардан жоғары тәртіптік құқығы бар бастықтарға беріледі.

9. Тәжікстан Республикасы аумағында контракт бойынша әскери қызмет атқаруға тілек білдірген офицерлер, прапорщиктер, сержанттар мен солдаттар командасында рапорт береді және белгіленген нысанда осы Ереженің 8-тармағында аталған адамдармен контракт жасасады.

Әскери бөлімдердің штабы осы Ереженің 7-бабының талаптарына сай келетін әскери қызметшілерге:

қызметтік мінездемелер;

қызмет кәртiшкесiнiң көшірмесін;

әскери қызметшінің денсаулығы биік таулы жерлерде әскери қызмет атқаруға жарамдылығы туралы әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысын;

3 данада контракт (әскери қызметшіге, әскери бөлімге, министрліктер мен ведомстволарға) ресімдейді.

10. Контракт жасаған әскери қызметшілер бөлім тізімінен барлық алатын үлесінен шығарылып, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабының, Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкімі бойынша ТМД-ның тәжік-ауған учаскесіндегі сыртқы шекараларында күзетті күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерді орындайтын бөлімшелерге жіберіледі.

Аталған санаттағы әскери қызметшілерге негізгі қызмет өткерген жерінде атқарған қызметі, тұрғын жаймен және мектепке дейінгі мекемелермен қамтамасыз етілу кезегі контрактыда көзделген мерзімге сақталады. Олар әскери бөлімдерде және мекемелерде уақытша болмайтын жеке құрам ретінде есептеледі.

11. Контракт бойынша қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерге әскери атақ беру және қызметін ауыстыру Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Контракт бойынша әскери қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілерді запасқа шығару былайша жүргізіледі:

офицерлер мен прапорщиктер - әскери қызметті өткеру туралы қолданылып жүрген ережелерге сәйкес;

мерзімді қызметтегі сержанттар мен солдаттар - "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген әскери қызмет мерзімін өткергені. Тәжікстан Республикасы аумағындағы контрактыда көзделген әскери қызмет мерзімі олардың мерзімді әскери қызмет уақытына есептеледі.

13. Контракт мерзімінен бұрын мынадай жағдайда бұзылуы мүмкін:

а) әскери қызметші атқаратын қызметіне сай келмеген;

ә) әскери қызметшінің абыройына нұқсан келтіретін әрекет немесе қылмыс жасаған;

б) қызмет атқару кезінде ауруға шалдыққан және әскери-дәрігерлік комиссия оны әскери қызметке жарамсыз (шектеулі түрде жарамды) деп тапқан;

в) отбасының жағдаяты өзгерген жағдайда.

Контрактыны мерзімінен бұрын бұзу Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкімімен, әскери қызметші контракт бойынша қызмет атқарып жүрген әскери бөлім командирі тиісті құжаттарды ұсынған жағдайда жүзеге асырылады.

14. Егер Тәжікстан Республикасы аумағында контракт бойынша қызмет атқарушы әскери қызметшінің қайтыс болуы (өлімі), жарақаттануы (мертігуі), ауруға шалдығуы оның қасақана қылмыс жасауы, ішімдікке салынуы, улануы және есірткімен мас болуы, дене мүшесін зақымдауы, сондай-ақ әскери бөлімді өздігінен тастап кетуі есебінен болғаны белгіленген тәртіп бойынша дәлелденсе, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 сәуірдегі N 335 қаулысында көзделген қосымша кепілдіктер мен өтем жасау бұл әскери қызметшілерге қолданылмайды.

15. Әскери қызметші контракт жасаған әскери бөлімнің басшылығы контракт ережелерін орындамаған жағдайда әскери қызметшінің өз құқығын қорғау үшін Заңда белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының сотына өтініш беруге құқығы бар.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 26 мамырдағы  
N 432 қаулысына  
N 2 қосымша

## Контракт

(шарт)

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшісі мен  
\_\_\_\_\_ әскери бөлімнің  
(әскери атағы, фамилиясы, аты, әкесінің аты)  
басшылығы \_\_\_\_\_ арасындағы Тәжікстан  
(әскери бөлімнің атауы)  
Республикасы аумағында ТМД-ның сыртқы шекараларын ерікті түрде  
қорғау ісіне қатысуға \_\_\_\_\_  
(әскери атағы, фамилиясы, аты, әкесінің аты)  
келісуі туралы.

### 1. Мемлекеттің әскери қызметші жөніндегі міндеттемелері

Мемлекет әскери бөлім атынан \_\_\_\_\_  
(әскери бөлімнің атауы)

\_\_\_\_\_ (әскери атағы, фамилиясы, аты, әкесінің аты)

- Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы  
\_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ қаулысында белгіленген тәртіп және мөлшерде  
ұдайы ақшалай үлес және ақшалай өтем жасаудың барлық түрін төлеуге;

- Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында

көзделген жеңілдіктердің барлық түрін өзіне, сол сияқты оның отбасы  
мүшелеріне сақтауға;

- Қазақстан Республикасы қорғаныс министрінің бұйрығымен  
белгіленген мөлшерде тиесілі заттай және басқа да барлық үлес  
түрімен қамтамасыз етуге;

- емдеу-профилактика мекемелерінде медициналық қызмет көрсетуге және қажет болған жағдайда медициналық куәландыруға кепілдік береді.

## 2. Әскери қызметшінің міндеттері

Мен, \_\_\_\_\_ мына  
(әскери атағы, фамилиясы, аты, әкесінің аты)

мерзімге \_\_\_\_\_ лауазымда  
(ай, жыл саны) (лауазым аты, БУС)

қызмет атқару үшін контрактыға қол қоямын.

Мен, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы N \_\_\_\_\_ қаулысымен белгіленген жеңілдіктерге, кепілдіктер мен өтемдерге келісемін.

Мен, Тәжікстан Республикасы аумағында қызмет атқару кезінде өз міндетімді халықаралық келісімдер мен қолданылып жүрген заңдардың, әскери ант пен әскери жарғылардың талабына сай, өзімнің командирлерім мен бастықтарымның бұйрықтары мен өкімдерін сөзсіз орындайтын, сондай-ақ Тәжікстан Республикасы заңында көзделген мінез-құлық нормаларын сақтайтын боламын.

Мен, әскери бөлім командирі өзімнің әскери кәсібіме жарамсыздығымды анықтаған жағдайда әскери-есептегі мамандығымды өзгертіп, кез-келген басқа лауазымға тағайындау, сондай-ақ контракты бұзу құқығын мойындаймын.

Мен, әскери қызметшінің абыройын және намысын жоғары ұстауға міндеттенемін және әскери тәртіп пен құқық тәртібін бұзған жағдайда заңға және әскери жарғыларға сәйкес жауап беремін.

## 3. Контракты мерзімінен бұрын бұзу шарттары, тараптардың құқығы мен жауапкершілігі

Контракт мерзімінен бұрын мынадай жағдайда бұзылуы мүмкін:

- а) әскери қызметші атқаратын қызметіне сай келмеген;
- ә) әскери қызметшінің абыройына нұқсан келтіретін әрекет немесе қылмыс жасаған;

б) қызмет атқару кезінде ауруға шалдыққан және әскери-дәрігерлік комиссия оны әскери қызметке жарамсыз (шектеулі түрде жарамды) деп тапқан;

- в) отбасының жағдаяты өзгерген жағдайда.

Егер Тәжікстан Республикасы аумағында контракт бойынша әскери қызмет атқарып жүрген әскери қызметшінің қаза табуы (өлімі), жарақаттануы (мертігуі), ауруға

шалдығуы оның қасақана қылмыс жасауы, ішімдікке салынуы, улануы және есірткімен мас болуы, дене мүшесін зақымдауы, сондай-ақ әскери бөлімді өздігінен тастап кетуі себебінен болғаны белгіленген тәртіп бойынша дәлелденсе, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 сәуірдегі N 335 қаулысында көзделген қосымша кепілдіктер мен өтем

жасау бұл әскери қызметшілерге қолданылмайды.

Әскери қызметші контракт жасаған әскери бөлімнің басшылығы контракт ережелерін орындамаған жағдайда әскери қызметшінің өз құқығын қорғау үшін заңда белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасы сотына өтініш беруге құқығы бар.

Әскери қызметші

өкілі

Әскери бөлім басшылығының

\_\_\_\_\_

(әскери атағы)

\_\_\_\_\_

(әскери атағы)

\_\_\_\_\_

(фамилиясы, аты, әкесінің аты) (фамилиясы, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_

(қолы)

\_\_\_\_\_

(қолы)

1993 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ 1993 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(жылы, айы, күні)

\_\_\_\_\_

(жылы, айы, күні)